

Төлеби аудандық мәслихат шешімінің күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 сәуірдегі № 2/10-VI шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабының 5 тармақшасына және "Нормативтік құқықтық актілердің мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Төлеби аудандық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 46/228-V " Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3482 нөмірмен тіркелген, аудандық "Ленгер жаршысы" газетінің 13.01.2016 жылғы 2-3 сандарында жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихатының хатшысы

Ж.Нышанов

Н.Қойбағаров